

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ҚАРҒАЛАЫ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ**

№ 234 БҮЙРЫҚ

Бадамша ауылы

«18» 04 2025ж.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу және талдау
жүргізетін жұмысшы тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» ММ қызметіне 2025 жылдың 1 мамыры мен 1 маусым аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:

1) бөлімшенің қызметін қорғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Талдау жүргізетін жұмысшы тобы келесі құрамда құрылсын:

Г.Рахметова – білім бөлімі сектор менгерушісі, ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелген тұлға, әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл, жұмыс тобының басшысы;

Д.Сарсенбина – бас маманы – жұмыс тобының мүшесі;

Р.Гусманова – бас маманы – жұмыс тобының мүшесі;

Д.Тулекбаева – аудандық әдістемелік кабинетінің менгерушісі – жұмыс тобының мүшесі;

С. Кумарова – Қарғалы ауданының ардагерлер кеңесінің тәрағасы - жұмыс тобының мүшесі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы



Ж. Дүйсенова